

№ 1 дәріс
Тақырыбы: «Дала экожүйесі»
түсінігі
Жоспары:

1. Экожүйе, дала және дала экожүйесі түсініктері.
2. Еуразиялық дала экожүйесі.




Экожүйе дегеніміз - зат, энергия және ақпараттар алмасу нәтижесінде біртұтас тіршілік ететін кез-келген өзара әрекеттесуші тірі ағзалар мен қоршаған орта жағдайларының жиынтығы.

Экожүйенің деңгейлері:

- 1) Микроэкожүйе – кішкене су қоймасы, жануарлар өлексесі оларда тіршілік ететін әртүрлі ағзаларымен бірге аквариум, жайылым, су тамшысы т.б.
- 2) Мезоэкожүйе – орман, өзен, тоған, т.б.
- 3) Макроэкожүйе – мұхит, континент, табиғи зона, т.б.
- 4) Ғаламдық экожүйе – биосфера.

Дала экожүйесі



Даланың 3 негізгі ерекшелігі бар:

1. Дала экожүйелері дәнді дақылдары басым периодты қуаңшылыққа төзетін жұқа өсімдік жабынымен сипатталады.
2. Далада тамыр массасы жерүсті жасыл массасынан 10 есе жоғары болуымен ерекшелінеді. Мұны дала-аяғымен жоғары орман деп те атайды (степь - это \"лес - вверх ногами\").
3. Дала органикасы тез трансформациялануымен- жинақталу немесе минералдануымен ерекшелінеді.

Қоршаған орта мен денсаулық компоненттеріне антропогендік әсерді төмендету



Қоршаған орта мен денсаулық компоненттеріне антропогендік әсерді төмендету үшін өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару бойынша шаралар кешені, ең алдымен, кәсіпорындарды қалдықтарды кәдеге жаратуға және қайта өңдеуге ынталандыру тетіктері әзірленеді. Тұрмыстық қатты қалдықтарды көмудің қазіргі полигондарында қоқыс биогазын ұстау және қыздыру шамдарын кәдеге жарату және энергия үнемдейтін жарықтандыру құралдарының өндірісін ынталандыру көзделетін болады.

Дүниежүзілік банкпен ынтымақтастықта салынған зауытта кейіннен жоюмен тұрақты органикалық ластаушылар мен ескірген пестицидтердің барлық түрлеріне толыққанды түгіндеу жүргізіледі.

Экологиялық қауіпсіз және тұрақты дамуға көшу қазіргі уақытта Қазақстанның даму стратегиясындағы басым бағыттардың біріне айналып келеді. Қоршаған ортаның сапасын жақсарту және қоғамның экологиялық тұрақты дамуының қолайлы деңгейіне қол жеткізу бойынша негізгі параметрлер Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасында және Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған тұрақты дамуға көшу тұжырымдамасында қарастырылған. Бұл ретте аталған Тұжырымдамалар Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 13 сәуірдегі № 47 Жарлығымен күшін жойды. Қазіргі кезеңде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау мәселелері ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 924 қаулысымен бекітілген «2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасында көзделген.



Еуразия дала экожүйесінің климаты

Көрсеткіштер	Дала аймақтары							
	Дун аймаңы	Қара теңіз маңы	Волга, Дон	Орал	Казқстан	Тува	Забайкалья	Амурмаңы
Бойлық (градустар)	20-30	30-40	40-50	50-60	70-80	90-100	110-120	120-190
Жыл ішіндегі жауын-шашын (мм)	412	330	325	300	235	215	306	450
Температура орташа жылдық (° C)	+9	+7	+5	+3	+1	-6	-3	-1
Аязсыз күндердің ұзақтығы	300	260	205	200	193	98	114	150
Температура амплитудасы орташа жылдық (° C)	27	29	35	37	39	53	48	45

Ауа райының маусымдық ырғақтылығы

Аймақ	Жыл мезгілі		
	Көктем	Жаз	Күз
Украина	Жауынды, жылы	Құрғақ, ыстық	Жауынды, жылы
Сібір	Құрғақ, салқын	Жауынды, ыстық	Құрғақ, салқын

Микроағзалар көрсеткіштері

Микрофлоралар топтары	Аймақ		
	Украина	Орал	Батыс Сібір
Неспорови	1566	1373	1275
Актиномицеттер	1183	1840	2074

Дала экожүйелерінің фитомассалары

Аймақ	Фитомассы (кг / га)			
	Жерүсті		Жерасты	Жалпы
	Тірі	Өлі		
Украина	2,0	3,7	20,0	25,7
Қазақстан	1,2	3,0	21,4	25,6
Хакасия	1,7	1,6	37,9	41,2